

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

16 қыркүйек 2016 жыл

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және KASE Гонконгтың қаржы хатшысы Джон Цанг бастаған гонконгтық делегациямен бірлескен брифинг-кездесу өткізді

Бүгін Алматыда Гонконг делегациясы өкілдерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен KASE жетекшілерінің кездесуі болып өтті. Бұл гонконг үкіметі мен Гонконгтың Сауданың дамыту жөніндегі кеңесінің ұйымдастырған, Орталық Азияға алғашқы іскери миссиясы. Қыркүйектің 13 мен 17 аралығында ресми сапар шегінде делегация Астана және Алматы қалаларында кездесулер жоспарланған. Ресми сапардың негізгі мақсаты Гонконг пен Қазақстанның арасындағы іскери байланыстарды орнату болып табылады.

KASE Басқармасының Төрайымы Алдамберген А.У. "KASE – Орталық Азияның жетекші сауда-саттық алаңы" тақырыбына презентациясымен сөз алып, Қазақстанның қор нарығы туралы, қаржы құралдарының тізімі, сауда-саттық пен, Қазақстан қор биржасында саудаланатын, акциялар мен облигациялар нарығының капиталға айналуы көлемдері туралы және нарықтың жалпы перспективалары туралы айтып кетті. KASE Басқармасының Төрайымы 2014 жылдың қыркүйек айында қазақстандық сауда алаңында қазақстандық теңге/қытай юані валюталық жұбының сауда-саттығы ашылғаны туралы ерекше тоқталып, осы сауда-саттықтардың белсенділігі үзбей өсіп келе жатқанына назар аударды.

Кездесу барысында тараптар, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы алғаш жариялап айтқан, Қытай Халық Республикасының "Бір белдеу және бір жол" бастамасы шегінде Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады. Кездесуге қатысушылар Қазақстан экономикасына гонконгтық инвестицияларды тарту бойынша өзара әрекеттестікті әрі қарай жалғастыру сұрақтарын да қарап, Гонконгтық және Қазақстан қор биржалары арасындағы тығыз серіктестік қарым-қатынастарын орнату туралы келісті.

"Қазақстан — Орталық Азиядағы ең ірі экономикасы бар ел. Өзінің стратегиялық орналасуы мен дамыған инфрақұрылымы арқасында, ресурсқа бай Қазақстан динамикалық өсім көрсетіп, өңірдің экономикасы дамыға ірі мемлекет және Азия мен Еуропаның арасында маңызды қақпасы болып табылады. Қазақстанның кәсіпорындағы Гонконг ұсынған артықшылықтарды тиімді пайдалана отырып гонконгтық компаниялардың кәсіби қызметтері көмегімен халықаралық нарықтарға шыға алады", – деді өз сөзінде Джон Цанг.

Гонконгтың қаржылық хатшысы Джон Цанг басшылық еткен, гонконгтық делегацияның құрамына Гонконгтың Сауданы дамыту кеңесінің жетекшілері, Гонконг қор биржасының, Ақша айналымы Басқармасының, бақағы қағаздар нарығына қатысушылардың Гонконгтық ассоциациясының, Венчурлық капитал мен тікелей инвестицияларының гонконгтық ассоциациясының, Қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің, Гонконгтың халықаралық сауда палатасының, Қытай кәсіпорындарының гонконгтық ассоциациясының, Гонконг өндірісінің федерациясының сондай-ақ ірі қаржылық, инвестициялық, консалтингтік және технологиялық компаниялардың жетекшілері кірген.

####

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

Акциялары Биржада саудаланатын, компаниялардың жиынтық нарықтық сомасы 13,19 трлн теңге (\$38,88 млрд) деңгейінде бағаланады. Биржада айналысқа жіберілген борыштың құны 8,56 трлн теңгені (\$25,24 млрд) құрайды, мемлекеттік борыш – 6,9 трлн теңге (\$20,39 млрд).

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)